



Ұлттық қор балаларға 888 млн доллар аударды

Мемлекет басшысы 2022 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген болатын. Бастаманың аясында 2025 жылы 18 жасқа толмаған балаларға 129,38 доллары көлемінде қаражат аударылды.

Өскеген ұрпаққа қамқорлық көрсету – мемлекеттік саясаттағы басымдыққа ие бағыттардың бірі. Қазір еліміздегі отбасылар баланың дүниеге келген сәтінен бастап оның ер жеткеніне дейін мемлекеттің қолдауына сенімді бола алады. Айталық, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы жас азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ білім алуына жаңа жақты жағдай жасап, табысты болуларына бағытталған. 2024 жылдан бастап жылма-жыл балаларға 18 жасқа толғанға дейін инвестициялық табысты қоса алғанда, Ұлттық қордан қаражат аударылып келеді.

«Біз азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартып, балаларымызға кемел келешекті құрудың негізін қалап жатырмыз», деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев. «Ұлттық қор – балаларға» жобасының басты миссиясы – келер ұрпаққа арналған жинақтарды қалыптастыру арқылы қаржы ресурстарын үнемдеу жолымен әр балаға ұлттық байлықтан тиесілі үлесті беруді көздейді.

2024 жылы аталған бағдарламаға 6 919 131 адам қатысып (2006-2023 ж.ж. туған балаларды қоса алғанда), олардың әрбірінің шотына 100,52 доллар жіберілді. Аударылған ақшаның жалпы сомасы – 695,5 млн доллар. Тұтастай алғанда, осы бағдарламамен қамтылғандардың жалпы санынан 304 815 адам 2024 жылы 18 жасқа толып, оларға жалпы сомасы 30,6 млн доллар аударылды.

2025 жылы әр балаға жаппы 129,38 доллар аударылды.

Бағдарламаға екі жылдан бері қатысып келе жатқан балалардың (инвестициялық кірісті қоса алғанда) жинақтарының жалпы сомасы 232,94 долларға ұлғайды.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша аударымдар туралы ақпарат eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді

қосымшасында 2025 ж. 1 ақпанда көрсетіледі.

Төлем тетігі барынша қарапайым. Баланың бағдарламаға қатысуы мен есептелген ақша туралы ақпаратты баланың ЖСН енгізе отырып, арнайы құрылған kids.eprf.kz сайтынан көруге болады. Онда бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар, сол секілді өзекті сұрақтардың жауаптарын ала аласыз. Бұдан бөлек балаға арналған аударымдар туралы деректерді eGov.kz порталындағы жеке кабинетке кіріп, сондай-ақ Kaspi.kz, Halyk қосымшалары арқылы да көруге болады.

Мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – білім мен баспана алуға баршаға тең мүмкіндік беру. Осы тұрғыдан алғанда, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы Қазақстанның жас азаматтары үшін айтарлықтай қолдауға айналды.

Жинақталған соманы кез келген жас азамат 18 жасқа толғанда пайдалана алады. Жинақтар БЖЗҚ-дағы шоттарға аударылады және жобаның ресонденттері уәкілетті операторлардың (Отбасы банкі және Халық банкі) қосымшасы арқылы өтініш бере отырып, тиісті соманы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) білім алуға жұмсай алады.

2025 жылдың 1 қаңтарында бұл мақсатқа 66 571 өтінім беріліп, оның ішінде жалпы сомасы 5 316,7 мың долларға 53 001 өтінім орындалды. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға 34 388 өтінім берілді, оның ішінде 29 542-сі орындалып, 2 964 мың доллары төленді. Білім беру бойынша 32 183 өтінім жолданып, оның ішінде 23 459 өтінім қанағаттандырылып, 2 352,7 мың доллар төленді.

Биыл бағдарламаға 6 921 035 бала қатысып жатыр (2007 жылдан 2024 жылға дейін туған балалар). Олардың ішінде 324 430 азамат 2025 жылы 18 жасқа толады.

Ұлттық қордың қаражатын жас отандастарымызды қолдау мақсатында пайдалану-еліміздің орнықты дамуына бағытталған стратегиялық шешім. Аталған бастама өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер етіп, кейінгі ұрпаққа болашаққа зор сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Премьер-министрінің арнаулы кеңесшісі, Парламент Өкілдер палатасының депутаты Акихиса Нагашиманы қабылдады. «Қазақстан Жапониямен стратегиялық серіктестікті дамытуға ерекше мән береді. Екі ел арасында достық пен өзара түсіністікке негізделген тығыз ынтымақтастық орнаған. Біз «Қазақстан мен Жапонияның арасы алыс болғанымен, достығымыз берік» деп айтамыз», деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, инвес-



Президент Жапония Премьер-министрінің арнаулы кеңесшісін қабылдады

тициялық және ғылыми-техникалық байланыстарды кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екеніне тоқталды. Президент Қазақстан экономикасына тартылған жапон инвестициясының көлемі 8 миллиард доллардан асқанын айтты. Сондай-ақ еліміздің шетелдік инвесторларға, соның ішінде Жапонияның озық компаниялары-


на қолайлы жағдай жасауға дайын екенін атап өтті.

Арнаулы кеңесші Президентке Жапония Премьер-министрі Шигеру Ишибаның ыстық ықыласын жеткізді, сонымен қатар Токионың қазақ-жапон сан қырлы қарым-қатынасын одан әрі жандандыруға бейілдігін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев

пен Акихиса Нагашима жоғары деңгейдегі саяси диалогты нығайтудың маңызын атап өтіп, сауда, энергетика, көлік, білім беру, мәдени-гуманитарлық салаларындағы, сондай-ақ климаттық өзгеріс мәселелері бойынша екіжақты өзара ықпалдастықты тереңдетудің перспективасын талқылады.

Қазақстан Орталық Азия елдерінен 11 млрд текше метр су алады



Аталған көлемдегі суды алу сәуір айына дейін жүзеге асырылады.

Сала ведомствосының баспасөз қызметінің мәлімдеуінше Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов осы жөнінде келісімге келді. Душанбе қаласында Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (МСШҰК) 88-ші отырысы өтіп, оған Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан су шаруашылығы ведомстволарының басшылары қатысты.

Тараптар Сырдария және Әмудария өзен-

дері бассейндерінде вегетация аралық кезеңнің өту барысын қарастырған. Айта кетсек, келісілген су көлемі Сырдария өзені арқылы Түркістан облысының Шардара су қоймасына келеді. Оның ішінде 1,6 млрд текше метр су Арал теңізіне жіберілімек.

«Бұл биыл суару кезеңі үшін қажет су көлемін жинауға, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы экожүйені сақтау іс-шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Еліміздің оңтүстігіндегі жағдай батыс пен солтүстіктен өзгеше екенін атап өтеміз. Мұнда үлкен көлемдегі су тасқыны болған жоқ. Ал жазда суармалы суға деген сұраныс өте жоғары. Сондықтан да біз оңтүстікті сумен қамтамасыз ету бойынша мүлдем басқа жұмыс жүргізіп жатырмыз. Су дипломатиясы – біздің министрлік жұмысының маңызды бағыты. Осы келіссөздердің нәтижесінде өткен жылы еліміздің оңтүстігін сумен тұрақты қамтамасыз еттік. Біз су бөлу және трансшекаралық су нысандарын қорғау жөніндегі барлық мәселелерді Орталық Азия елдеріндегі әріптестерімізбен бірлесе отырып шешеміз», деді министр Нұржан Нұржігітов.

Ассамблеяға-30 жыл

Оңтүстік өңіріміздің бас қаласы саналатын Түркістан шаһарында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдары мен этномәдени бірлестіктердің бірлескен отырысы өтті. Ассамблеяның отырысына Созақ ауданынан да Берік Тұрғанбаев ағамыз бастаған арнайы делегация барып, қатысып қайтты.

Бірлікті бекемдеген бас қосуға Түркістан облыстық ҚХА жанындағы құрылым-



Түркістанда тұтастығымыздың тетіктері талқыланды

дардың төрағалары мен мүшелері, «Қоғамдық келісім» КММ-нің басшылығы мен аудан, қалалардағы филиалдарының басшылары, аудан, қалалардағы ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, облыстық білім, денсаулық, мәдениет басқармасының, полиция департаментінің, БАҚ-тың өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаев ҚХА-ның 30 жылдығы аясында өңірде өтетін іс-шаралардың дайындық барысына тоқталды.

—Бірлік, татулық және ынтымақ-елдігіміздің мызғымас тұғыры әрі мемлекетіміздің басты құндылығы. Биыл еліміздегі этносаралық татулық пен бірліктің нығаюында ерекше орын алатын Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл толып отыр. Облыстық мерейлі датаны мемлекеттілікті нығайту деңгейінде өткізуге баса мән берілуде. Бұл ретте, өңірімізде «Қоғамдық

келісім» КММ-і тарапынан Ассамблеяның құрылған күні және Алғыс айту күніне байланысты 10 күндік шара ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, облыс әкімдігінің қолдауымен 30 жылдық аясында өңірімізде ұйымдастырылатын 34 жоба ұсынылып, мақұлданды. Оның ішінде ел бірлігін нығайтуға екпін беретін бірнеше телевизиялық жобалар бар. Сонымен бірге, мерейтойлық жылға байланысты облыстық Ассамблеяның құрылып, қалыптасуына үлес қосқан азаматтар туралы арнайы кітап шығару жоспарланған, — деді басқарма басшысы.

Келелі кеңесте Түркістан облысы ҚХА жанындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Созақбай Әбдіқұлов пен ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Гүлсара Тоққұлова өңіріміздегі бірлік пен тұрақтылықты нығайту, этносаралық келісімді жандандыру, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бағытында

баяндама жасады.

Жиын қатысушылары Түркістан облыстық ҚХА жанындағы құрылымдар мен этномәдени бірлестіктердің, этносаралық тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың облыс аумағында іске асуымен танысып, алдағы атқарылатын жұмыстар жайын талқылады.

Басқосу сұрақ-жауап түрінде өріп, жиынға қатысушылар өзекті мәселелер төңірегінде ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Бұл ретте, басқарма басшысы Ерлан Күзембаев пен «Қоғамдық келісім» КММ-нің басшысы Эльмира Жанғазиева барлық сұрақтарға тхымды жауап берді.

Кездесуді қорытындылаған басқарма басшысы халықтың бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді сақтау және Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды жобаларын жүзеге асыруда бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Қоғамдық кеңес отырысында

Атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер талқыланды

Өткен аптаның бейсенбісі күні аудан әкімдігі ғимаратының екінші қабатындағы кіші мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында қоғамдық кеңес төрағасы Мұрат Сапаров ашып, жүргізді.

Кеңес мәжілісінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков өткен жылы әр салада атқарылған жұмыстарды жан-жақты баяндап, алдағы жоспарларымен таныстырды. Құрылыс, ауылшаруашы-

пы 1 миллиард 288 миллион 560 мың теңге бөлінді. Бұл қаржы есебінен 66,4 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелеріне асфальт жабындысы мен қиыршық тас төселетін болады.

Бұған қоса «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында 424 миллион 963 мың теңгеге 14,2 шақырымды құрайтын 12 көше асфальт жабындысымен жаңартылатын болады.

Бұл жөнінде бүгін аудан



лығы, жол құрылысы, жарықтандыру, мектептер мен кент, ауылдардағы жылу мәселелері, көктемгі тасқын сулардың алдын алу, су қоймаларының бүгінгі жағдайы, көктемгі егіске дайындық және басқа да өзекті мәселелерді шешу бағытында атқарылған жұмыстардың барысы кеңінен талқыланды.

Жиын барысында кеңес мүшелері өз сауалдарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Онда қоғамдық кеңес мүшесі Жұмақов Талғат ауданымызға келетін газ мәселесін алға тартса, кеңес мүшесі Жақсыбергенов Райымбек жеке азаматтардан шығатын септик қалдықтарын төгетін орындарды реттеу мәселесін айтты. Сонымен қатар, кеңес төрағасы Мұрат Сапаров аудан орталығын көріктендіру-көгалдандыру мақсатында Шолаққорған ауылының батыс жағынан саябақ не болмаса шағын сквер ашу мәселесін алға тартты. Аудан басшысы әрбір сауал мен ұсынысқа нақты жауап беріп, алдағы уақытта да ел игілігі үшін бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екендігін, сонымен бірге ауылдар мен елді мекендерді биылғы жылы түгелдей жарықтандыру, қалып кеткен көшелерді түгелдей асфальттеу жұмыстары бойынша ауыл, кент әкімдеріне тапсырмалар бергенін, олар құжаттарын тез арада әзірлеп өткізу керектігін атап өтті.

Ауданымыздың ішкі жолдардың жөндеуіне қаралған қаржы екі есеге артып, елді мекендерді 100 пайыз көше жарықшамдарымен қамту жоспарлануда. Сондай-ақ аудан экономикасын дамыту мен ішкі жолдардың сапасын арттыру мақсатында 2025 жылы аудандық бюджеттен бөлінген қаржы көлемі екі есеге артып, жал-

әкімі осылайша қоғамдық кеңестің кезекті отырысында мәлімдеді. Сондай-ақ осы жылы аудан бойынша барлық ауылдар мен елді мекендердің ішкі көшелерін 100 пайызға көше жарықшамдарымен қамту жоспарланып отырғанын айтты. Өзге де өзекті мәселелерді оңтайландыру бағытында қолға алынған жұмыстар мен нәтижелері жайында жан-жақты баяндады.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында ауданымызда 25 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы 26,1 шақырым жол жаңартылды. Аудандық бюджет есебінен 21,2 шақырымды құрайтын 18 көшеге асфальт жабындысы мен қиыршық тас төселді. Бұл жұмыстар ауылдардың ішкі жолдарының сапасын жақсартуға және азаматтардың қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Нәтижесінде, аудандағы елді мекендердің ішкі жолдарындағы асфальт жабындысының үлесі 66 пайыздан 69 пайызға дейін артқан.

—Біз барынша қолдағы мүмкіндіктерді пайдаланып жұмыс жасаудамыз. Қоғамдық кеңес қашанда аудан әкімдігімен бірлесе жұмыс жасап келеді. Елшіміз біздің тірлігімізді, не болмаса өзекті мәселелерімізді сырттан келіп шешіп бермейді. Барлығы өзіміздің қолымызда. Өзіміз жасауымыз керек. Сондықтан ауызбіршілік пен ынтымақта жұмыс атқарайық-деді аудан әкімі өзінің қорытынды сөзінде.

Отырысқа аудан әкімінің салалық орынбасарлары, қоғамдық кеңес мүшелері, тиісті бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Бүгінгі оқушы-ертеңгі студент

Еліміздің болашағы білімді, ұлағатты, жауапты, әрі еңбекқор жастардың қолында. Әрбір оқушының толыққанды тәрбие мен білім алуы ертеңгі күні олардың студенттік өміріне, болашақ мамандықтарына және жалпы өміріне үлкен әсер етеді. Бүгінгі оқушы-ертеңгі студент, жарқын болашақ иесі болар деген сеніммен, білім алу мен тәрбиенің мәні туралы мектеп оқушыларының еліміздің түрлі оқу орындарында білім алып жатқан студенттермен кездесу кеші болып өтті. Кешіміздің мақсаты «Болашағымыз- жастардың қолында!» деген ұранды ұстана отырып, білімді, алғыр оқу атану. Білімді әрбір жас келешекте өмірінде өз орын табу. Ол үшін болашақтағы мамандығын таңдаудан қателеспесе өмір жолының жарқын болатынын түсіндіру. 2023-2024 оқу жылында мектеп бітіріп үлкен өмір жолына қадам басқан ауданымыздың, ауылымыздың жастарымен, мектеп бітіруші 9-11 сынып оқушылармен кездесу кеші болып өтті. Студент жастарымыз студенттік өмірдің қиыншылықтары мен қызықшылықтарын бөлісіп пікір алмасты. Ауылдан алты жүз шақырым қашықтықта жатқан Алматы қаласынан келген ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының студенттері Нәлібек Жанасыл және Әдіхан Жанболат келіп керемет кештің куәсі болды. Оқушыларымыздың түрлі сұрақтары мен ой пікірлерін тыңдап, әрбір ертеңгі талапкер өз сұрақтарына лайықты жауаптар алды. Пікірлесу арасында жастарды сергітіп алу үшін мектебіміздің



алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Жайлау Қашқынбеков мектеп өмірінен көптеген тиімді бастамалардың болып жатқанын тілге тиек етті.

Студенттермен болған екі күндік кездесуде ауылымыздың 2024жылы мектеп бітірген студенттеріміз Жайлаубай Гүлсая, Мұқырбай ННұрасылы, Жайлаубай Жарқынай, Орынбай С, Төрежан Сағыныш, Маликова Гүлімдерге сөз кезегі тиіп, ашық әңгіме барысында студенттік бал шақтарының қызығы мен қиыншылығын емен-жарқын айтып, бар білген естеліктерімен бөлісіп кешті аяқтады. Мамандық таңдау мектеп қабырғасынан бастау алу керектігін, өз болашағын айқындау керек екенін түсіндіре кетті. Әрбір оқушы ертеңгі күнге қандай тұлға болар, қандай мамандық таңдау, нендей жетістікке жететіні өз қолында сондықтан мектептегі әрбір сәт маңызды, себебі ол болашақтың жарқын бастамасы болып табылатыны белгілі.

Жанар БЕКІШОВА,
М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің кәсіптік бағдар беру маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ- МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ана тілі газетіне берген сұхбаты ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру бағытында маңызды мәселелерді қозғады. Президент тіл саясатына қатысты нақты пікірлерімен бөлісіп, қазақ тілінің қоғамдық өмірде, білім беру жүйесінде және мемлекеттік басқаруда кеңінен қолданылуын қолдайтынын жеткізді. Оның айтуынша, қазақ тілінің дамуы тек мемлекет тарапынан ғана емес, қоғамның да белсенді қолдауы мен оны қолдану деңгейінің арттыруы қажет.

Сондай-ақ, мемлекет басшысы қазақ тілін оқыту мен үйренуге қажетті жағдайлар жасау, тіл үйренушілер үшін бағдарламалар мен курстарды дамыту туралы сөз қозғады. Оның пікірінше, тіл тек ұлттық бірліктің негізі ғана емес, сонымен қатар заманауи білім мен ғылымның талаптарына сай даму үшін де өте маңызды.

Президенттің ана тілінің мәртебесін көтеруге қатысты айтқан сөздері қазақстандықтардың өз тілін қадірлеуі мен оның күнделікті өмірде кеңінен қолданылуы үшін қосымша мотивация болуы мүмкін. Дегенмен, тіл мәселесі тек заңнамалық өзгерістермен ғана шешілмейді; ол ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып, барлық қоғамның жан-жақты қолдауы мен ұтымды жұмысын қажет етеді.

Нұржамал МАЙУСОВА.
Тілдерді оқыту және дамыту орталығы КММ директоры.

Тілге деген құрмет-халыққа деген құрмет. Тіл-мәдениетінің басты серіппесі мен негізгі қорғаушы күші. Ұлттың қауқар әлеуеті және қуаты тіл мен ойдың қозғаушы күштерімен тепе-тең. Қоғам-тіл мен ой-пікірге қаншалықты бай болса, соншалықты қабырғалы әрі қайратты болып саналады. Негізінен, тіл-адамның тіршілік пен өмірдегі оқиғаларға деген көз-

нан ажыраған деген сөз, ал мұндай тіл жетім, оны қолданатындар да бейшаралық күйден аса алмайды. Қоғам-тіл мен ой-пікірге қаншалықты бай болса, соншалықты қабырғалы әрі қайратты болып саналады. Кісі өз ана тілін неғұлым жақсы меңгеріп, басқалармен де еркін тіл табыса білсе, соғұрлым өз болмысы мен өмірінің мәнді өтуіне алғышарт жасай алады.

Тіл-темір қазығымыз

қарасын біртұтас ағзаның және оның әр бөлшегінің ишарасы мен мән-мағынасын қалыптастыратын ең маңызды фактор. "Қазақ тілі-рухани байлығымыздың қайнар бұлағы" деп бекер айтылмайды. Қазақ елінде, қазақ жерінде қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміздің білуіміз, насихаттауымыз қажет. Қазақ тілі-әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Тіл мен ойға қатысты әрбір ұлтқа тән қағида бар. Тіл ішкі серпінмен әрбір жайтты жеткізу барысында заман талабын үнемі үндестіруге шамасы келе бермейді. Сондықтан да, егер сол тілде сөйлейтіндер кейбір мағынаны жеткізуде қиындыққа душар болып жатса, онда тіл ойдың қолдауы-

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл-тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттымыздың биік тұғыры. Қоғамда үштұғырлы тіл саясатын нығайту еліміздің негізгі басымдығы болып қала береді. Қазақстан-көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату елміз.

Тіл-халықтың жан-дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш, ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырушы, біріктіруші. Сондықтан мемлекеттік тілді білу-өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн болар. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына күн сайын көз жеткізіліп келеді.

Жібек НҰРМАХАН,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі оқытушысы.

ШЕБЕРЛІКТЕРІН КӨРСЕТТІ



Созақ ауданы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам" әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен, зейнеткерлер арасында шахматтан жарыс өтті.

Шараның басты мақсаты аудандағы зейнеткерлер арасында спорттық ара қатынасты, достықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік орталықтың директоры М.Оспанов жары-

стың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған жарысқа әлеуметтік орталықтан қызмет алушы зейнеткерлер қатысып, шахматтан шеберліктерін көрсетті.

Шахмат жарысына Нәзір Төреқұлов атындағы IT-лицей мектебінің шахмат үйірмесінің жетекшісі Маймақов Ермек төрешілік етті.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Аманбек Мұсабеков жеңіп алса, II орынды Қожахмет Қожанов қанжығасына байлады. III орынды Кеңес Сәрсен өзіне місе тұтты. Ынталандыру орыны Сайлауғали Жақаевқа бұйырды.

Жеңімпаздарға "Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам" әлеуметтік орталығының алғыс хаты пен сыйлықтары табыс етілді.

Арслан ТҰРСЫНБАЕВ,
әлеуметтік маман.

ӘЛІМЖЕТТІК ЖАСАУ- ӘЛСІЗДІК

Аудандық «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінде балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында, 2025 жылы 29 қаңтар күні Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, ардагер ұстаз Иманбеков Мұхамедәли, "Белсенді

тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

Семинар-тренингтің мақсаты:

-жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын-алу;

-кибербуллингтің салдарынан туындайтын қиыншылықтардың алдын-алу;

-жасөспірімдерді бір-бірін

Салық төлеушілердің назарына!

Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, Сіздерге Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің талаптары негізінде, төмендегіні назарларыңызға салады.

Осы Кодекстің 36-бабына сәйкес, салық төлеуші салықтық міндеттемені орындауды өз бетінше жүзеге асырады және салықтық міндеттемені орындау үшін мынадай әрекеттер жасайды:

1) салық органында тіркеу есебіне тұру;

2) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізу;

3) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді, салықтық база мен салықтық мөлшерлемелерді негізге ала отырып, салықтардың және бюджетке төленуге жататын төлемдердің сомасын есептеу;

4) салық есептілік нысандарды толтыру және белгіленген тәртіппен салық органдарына ұсыну;

5) есептелген салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің сомасын бюджетке төлеу.

Осыған байланысты, Сіздерге, кәсіпкерлік қызметті бастағанға дейін, Мемлекеттік кірістер органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркелу қажеттігін және дара кәсіпкер

ретінде тіркелгеннен кейін, тиісті салық есептіліктерін мерзімінен кешіктірмей тапсырып, есептелген салықтарды толық әрі уақытылы төлеу міндеттілігін ескертеді.

Егерде, дара кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызметпен айналысқан жағдайда, яғни, тіркеу міндетті бола тұра, тіркеусіз, рұқсатсыз, сол сияқты хабарлама жібермей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғандығы үшін, ҚР АҚБТК –нің 463-бабының 1-тармағына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау заттары және (немесе) құралы тәркілене отырып не оңсыз, жеке тұлғаларға – он бес айлық есептік көрсеткіш (58 980тенге) мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғады, ал лицензиясыз кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табысты (дивидендтерді), ақшаны, бағалы қағаздарды қосымша тәркілеуге, ал енді тіркелген дара кәсіпкерлерге ҚР АҚБТК –нің 272-бабының 1-тармағына сәйкес, Мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін белгіленген мерзімде ұсынбау ескерту жасауға, дәл осы іс – әрекет 1 (бір) жыл ішінде қайталанған жағдайда 272-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлғаларға – он бес айлық есептік көрсеткіш (58 980тенге) мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғатын әкімшілік жауапкершілік-

тер қарастырылғанын жеткізеді.

Дара кәсіпкерлерге 2024 жылдың жылдық, жартыжылдық, тоқсандық салық есептіліктерін тапсыру уақыты 2025 жылдың 15 ақпанға дейін екенін ескертеміз.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды (Салық басқармасы).

Аудан көлемінде тіркелген жеке кәсіпкерлер назарына!!

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлер үшін 2024 жылдың 2 жарты жылдығына 910.00 салық есептілігін және жалпыға бірдей, бөлшек саудамен жұмыс жасайтын кәсіпкерлер үшін 4- тоқсанға 913.00 және 200.00 салық есептілік нысандарын (отчетті) 2025 жылдың 15 ақпанына дейінгі мерзімге тапсырыңыздар.

Егер соңғы 1 (бір) жыл ішінде ескерту түрінде әкімшілік шара көрілген жеке кәсіпкерлерге 2 ші мәрте кешігіп тапсырған жағдайда ҚР АҚБТК -нің 272 бабының 2 тармағы бойынша 30 АЕК (117960) тенге айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылатынын ескертеміз.

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.



ұзақ өмір және тең қоғам" әлеуметтік орталығының әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің, әлеуметтік маманы Саржанов Біржан Рысбайұлы, "Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам" әлеуметтік орталығының әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің, психолог маманы Ыдырысова Құралай және "Жастар ресурстық орталығының" психолог маманы Ниязәліқызы Ләйланың қатысуымен 10-11 сынып оқушыларына "Жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу"

силауға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу;

Жиналыс барысында тақырып аясында бейнеролик көрсетілімі ұсынылды. Қонақтар тақырып аясында өздерінің ой-пікірлерін айтып, оқушылармен кері байланыс жасалып, сұрақтарға жауап берді. Психолог мамандардың тарапынан қиын жағдайлардан шығу жолдарына байланысты психологиялық тренингтер жүргізілді.

Құралай ЫДЫРЫСОВА,
әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімшесінің психологы.

Бабата ауылдық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен, сол ауылдағы М.Мәметова жалпы орта мектебі ұжымының қолдауымен «Қарттарым- асыл қазынам» атты мерекелік шара өтті. Онда сол ауылда тұратын 80 жастағы сегіз ардагерімізге және еңбекқор бір аға буын ардагерімізге бір күнде бірдей деңгейде зор құрмет көрсетілді. Тіпті мерекелік шараға келген ақсақалдарымыздың ерекше толқығанынан көзіне жас алып қалған сәттері болды. Кеңес кезеңінде алғыс хаттармен, заттай сыйлықтармен (кілем, радиқабылдағыш, теледидар және тағы басқа да), мына тәуелсіздік жылдары еңбекшілерді ұмытты ғой деп едік жүрекжарды ішкі ниетін айтқан жандар да болды. Мерекелік шараны ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашов жүргізіп отырды. Шырайылы күннің шымылдығын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ашып мереке иелерін құттықтап ізгі тілегін айта отырып, ардагерлердің кеуделеріне еліміздегі қоғамдық ұйымдардың тағайындаған төс белгілерін тақты. Мектеп оқушыларының алдын ала әзірлеген концерттік бағдарламалары орындалды. Еңбек адамдарының суреті мен өмірдеректері, өмір жолдары туралы альбомдар дайындалған екен. Соны көрдік. Экраннан шағын бейнебаяндар көрсетілді. Аудандық ардагерлер ұйымы жанындағы әжелер алқасының төрайымы Маруа Қайыржанова өз құттықтауын әсерлі жеткізсе, ауылдық таланты азаматы Нұралбай Татубайұлы жырдың шашуын шашып, арқалы арнауларын жеткізді. Сондай ақ, ауылдың Жартманов Төрехан есімді мырза азаматы марапат иесі атанған досына бір қойы мен он мың теңгесін көрімдік ретінде ұсынып көптің ризашылығына бөленді. Жалпы еңбек адамдарына арналған биылғы жылдың басы Теріскейде осылай дүркіреп басталып жатыр. Дүркіреп аяқтала берер деген сенімдеміз.



Оспанов Амантай- 1944 жылы 15 наурызда Өзбекстанда дүниеге келген. 1947 жылы ата бабасының туған жері Бабата ауылына көшіп келіп, осы ауылда 1950-1957 жылдары Бабатадағы жеті жылдық «Еңбек» мектебін бітіреді. 1957-1960 жылдары Шолаққорғандағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте орта білім алады. 1960-1961 жылдары Созақ училищесінде оқып, «механизатор» мамандығын алып шығады. 1964-66 жылдары шаруашылықта еңбек жолын бастайды. 1966-1968 жылдары әскерде болады. 1966-1968 жылдары Бабата ауылының электр монтеры болады. 1968 жылдан бастап мал шаруашылығымен айналысып, совхоздың озат аға шопан атанады. 1974-1976 жылдары совхозда 100 қойдан 180-190 қозы алып марапатқа ұсынылды. 2004 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста.

Малшы болды кеткенше совхоз тарап,
Қарызданбай мал алды қайта санап.

Сексеннен жасы асып кетседағы,
Әлі де отырған жоқ жерге қарап.
Жас шағында әрине мал да жайды,
Байлықта бітеді ғой жанға сыйлы,
Ұрпағы өсіп-өніп, өркен жайып,
Қазіргі кез ақсақал елге сыйлы.

Аппазов Қуантай- 1944 жылы 19 сәуірде Бабатада дүниеге келген. 1959 жылы Бабатадағы «Еңбек» жеті жылдық мектебінде, кейін Құмкент ауылындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінде оқып білім алған. 1962 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия технология институтына түсіп, 1967 жылы бітіріп, инженер-құрылысшы мамандығын алады. 1967-1969 жылдары Жаңатас қаласында «Хим-строй тресінде» шебер болып істеді. 1969-1973 жылдары Созақ ауылында, 1973-1981 жылдары Шу совхозында құрылысшы, 1981-1994 жылдары Жартытөбе совхозында, 1994-1998 жылдары Бабата ұжымдық шаруашылығында инженер-құрылысшы, 1998 жылдан Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының ығаруымен Бабата ауылындағы Ысқақ баб кесенесінің имамы болып келеді. 1973-1975-1981 жылдары үш реттен «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атанады. 1983 жылы «Үздік құрылысшы» төс белгісімен марапатталған.

Жоғары білім алған Шымқаладан,
Бейнеткеш, еңбекқор жан жас шағынан.

Студент болып жүріп каникулда
Бір күнде мыңнан аса кесек құйған.
Би болып, жиын тойда әбден қуған,

Жігіт екен сегіз қырлы нағыз туған.

Имандылық жолына түскеннен соң,

Шырақшы болып жүр ғой, әрі

имам.

Қосанов Төленбек- 1945 жылы 5 қазанда Бабата ауылында дүниеге келген. Бастауыш мектепті Сауранбай, Таскөмірсайда оқып, сауатын ашқан. Орта мектепті Бабатада оқыған. 1963 жылы Созақтағы кәсіптік мектепте білім алып, тракторист мамандығын алды. 1964-1967 жылдары Совет армиясы қатарында азаматтық борышын өтейді. Жүргізуші мамандығы бар. Көп жылдар бойы құрылысшы маман болып ауыл азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз



ету мақсатында жемісті еңбек етті. 2008 жылы құрметті зейнетке шықты. Елдің, ауылдың ішінде, қатарларының арасында құрметті азамат. 1968 жылы Бақытұл апаймен отбасын құрды. Төрт ұл, екі қыз, он сегіз немере, он бір шөбере тараған көпбалалы отбасы. Олар қадірменді ата-ана. Өмірі еселі еңбекпен өткен тұлғаның ұрпағына қалдырған ізі-адальдық пен еңбек, тазалық. Ұрпақтары осы сенім мен үмітті адал атқаруда. Елдің құрметіне еге болуда.

Сексен жасқа бастыңыз биыл қадам,

Сізден жан жоқ қагілез ерен адам.
Құрылыста төбеде жүгіресіз,
Бала-шаға, отбасы болсын аман.
Төке сіз ғой Қонайдың бас иесі,
Желісі жолға салар тік жүйесі.
Ұқсамасаң тумағыр деген сөздей,
Секілдісіз Қосан атам көшірмесі.

Үдербайұлы Пернебай- 1946 жылы 12 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Бабата ауылында дүниеге келді. Отбасында 2 ұл, 3 қыз тәрбиеленген. Бабата ау-

ылдық мектебінде жеті жылдық білім алған. Отбасы жағдайына байланысты жастайынан еңбекке араласқан. 14 жасынан бастап Құмкент совхозында еңбекке араласты. 1962 жылы Жартытөбе совхозы құрылды. Сол совхозда №2 фермаға жұмысшы болып қабылданған. 1972 жылы совхоздың құрылыс саласына құрылысшы болып ауысқан. 1980 жылдары Красноярск қаласында ағаш өңдеу жұмысына араласып, елге ағаш жіберіп отырған. Осы еңбектері бағаланып, «Ударник девятой пяти-

Бойдақ қыздары жүретін соңынан еріп.

Кейінгі кез білесіз құрылыста,
Сөкеңдеген жұмыстың бәрін ұста.
Бала-шаға, немере ер жеткізіп,
Сексенге де аяқ басты осы тұста.

Рахматулла Жәмекұлы- Созақ ауданы, Бабата ауылында 1946 жылы 1 наурызда дүниеге келген. Бастауыш мектепті Таскөмірсайда оқып сауатын ашқан. Орта мектепті аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте оқыған. 1965-1967 жылдары Совет армиясы қатарында азаматтық борышын атқарған. 1969 жылы Күлшат апаймен отбасын құрған. 2 ұл, 4 қыз және 6 немере, 20 шөбере тараған көпбалалы ата-ана. 1987 жылдан 2005 жылға дейін Таскөмірсайда жол бөлімінде жұмыс жасады. Ол жердегі қатаң қыстың қиындығына шыдап, ерлікпен бірдей жұмыс жасады. Ақборан күндері жолаушыларға қамқорлық жасап, олардың алғысын алды. Сондай-ақ көкеміздің ақындық қабілеті бар. Өзі ән жазумен де айналысады. Елуден аса өлеңдері бар. Елге сыйлы, абыройлы азамат. Қашанда ақпейілдігімен, қарапайымдылығымен, қонақжайлығымен көзге түсіп келеді. «Бабата елдік тұғыры» атты кітабы елдің көңілінен шығып, оқырмандар қызыға оқуда.

Үйіңізге бақ-қыдыр бірге қонсын,
Шаңырағыңызға береке, шаттық толсын.

Қабыл болсын сізге айтқан тілегіміз,
Кітабыңыз шығарған құтты болсын!

Ән жазасыз секілді Ақан Сері,
Барған жерде орныңыз үйдің төрі.
Қаламыңыз ешқашан мұқалмасын,
Мұндай кітап жазады ердің ері!
Атыңыз қалсын дейміз болып аңыз,

Ақиық ақынсыз ғой аға нағыз.
Туындыңыз жарыққа шыққан күні,
Сізден бұрын бүкіл ел қуанғанбыз.
Кей үйге бара қалсаң жақтырмайды,

Ал сіздің әйеліңіз өте жайлы.
Қыздары тым ерекше наймандардың,
Сыйлаңыз бұл пәніде Гүлшатайды.

Ниеті тура болар шын көңілдің,
Жайладыңыз көп жерін бұл өңірдің.
Ұлағаттап, мадақтап, марапаттап,
Дейміз біз төрағасы Таскөмірдің.



АРНАЛҒАН ТОРҚАЛЫ ТОЙ

*Балапанды санайды дейді күзде,
Сіздердей өлең жазу қайда бізге.
Әр жүйрік өз әлінше шабады ғой,
Інілік ілтипатым болсын Сізге!*

Елшібеков Ескермес- 1946 жылы 21 сәуірде Бабата ауылында дүниеге келген. Әкесі Еспенбетов Елшібек азамат соғысының және Ұлы отан соғысының ардагері. Ескермес 1952-1960 жылдары Бабатадағы орта мектепті бітірген. Созақтағы СПТУ-да оқып, трактор жүргізушісі мамандықтарын алып, еңбек жолып өз ауылынан бастаған. Мал шаруашылығымен тұрақты айналысып жүрген шопан, әрі кәсіпкер. Мал шаруашылығымен айналысып жүргеніне көп жылдар болды. Қазіргі уақытта зейнетте, сегіз ұл-қыздары бар және 29 немересі мен 9 шөбересі бар.

*Жұмыстың неше түрлі басын шалған,
Таңдап жүріп саңғылдың қызын алған.*

Ескенбай атанды ғой кейін малдан.

Жоқшылық қазіргі кез артта қалды,

Шаруасы өрге басты болып малды.

Отбасы да тәртіпті шүкір дейміз,

Екі ұлы да кәсіпкер елдің алды.

Еспайұлы Сағынтай- 1946 жылы 15 қыркүйекте Қызылту колхозында туылған. Бабата ауылындағы «Еңбек» бастауыш мектебінде сауат ашып, орта білімді аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектепті 1965 жылы аяқтаған. 1965-1968 жылдары Совет армиясы қатарында азаматтық борышын атқарған. Сол уақыттан бастап күні кешегі зейнеткерлікке шыққанша құрылыс жұмыстарын істеген. «Құрылысшы» мамандығын меңгеріп, елге келген соң осы саланы жалғастырған. Құрылыс бригадасын құрып, совхоз азаматтарын үймен қамтамасыз еткен. Жайылым мен құмдағы шопандарға арналған тұрғын үй мен қора-қопсыларын салып елге қызмет жасаған. Мемлекеттің «Тұрғын үй – 91» бағдарламасының орындалуына күш салған. 1972 жылы Жүсіпова Жарқынай апаймен үйленіп, отау құрған. Екі қыз, үш ұл тәрбиелеген ата-ана.

Төртбақ келген палуандардай

тұлғасы,

Өкше басар Төкеңменен кіші білем бір жасы.

*Құрылысты Тереңкөлде жыңғыл шауып бастаған,
Қасында бар Пернебай мен Жақсыбайдай құрдасы.*

Ағамыз бұл аядарда қармен әркез жуынған,

Білем бәрін ағаларым ит жылғы ғой туылған.

Соларменен менде бірге өстім ғой,

Әлі күнге көңіліміз жоқ суынған.

Жағыппарова Күмісай-Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында туылған. Мектеп қабырғасында оқу үлгерімі жоғары шәкірт болған. 1971 жылдан бастап сауда саласында тәжірибе жинап, еңбек еткен. 1974 жылы Өмірзақ есімді азаматқа тұмысқа шыққан. Жеті ұл-қызды дүниеге әкелген көпбалалы ардақты ана. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қиын-қыстау уақытта саудамен айналысып ауылдан дүкен ашқан. Көлік жоқ, азық-түлік те тапшы кезде дүкен ашып, елге қызмет атқарған. Күмісай апамыз осы уақыт аралықтарында аудан көлеміндегі мәдени іс-шараларға да қатысып

да араны алғыс хатпен мамаратталған;

-Ардагерлер кеңесінің құрылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Әжелердің сазды әні» байқауында топ жарып, бас жүлде иеленген.

-«Аманат» партиясының «Бақытты

совхоз экономикасын жаңартуға үлес қосып, үздік еңбек еткені үшін 1 Мамыр-Еңбекшілер мерекесі құрметіне алғыс жарияланды. 1974 жылы Совхоз құрылысшылар жұмысына ауыстырылды. Көп жыл құрылысшы болып, ауыл азаматтарын



отырған. Қоғамдағы белсенділігі үшін апамыз келесідей марапаттар алған:

-«Ұлағатты әже» төсбелгісімен марапатталған;

-«Аналар» республикалық қоғамдық журналы тағайындаған «Қарашаш ана» медалімен марапатталған;

-«Қазақстан аналары» энциклопедиясына енген;

-Республикалық ардагерлер кеңесінің 30 жылдығына орай Созақ ауданында ұйымдастырылған іс-шара

дің.

*Ұрпағымыз көбейді мың бір алғыс,
Анасы боп бес ұл мен екі қыздың.*

Жұманазаров Талғат-1963 жылы Созақ ауданы, Бабата ауылында 13 наурызда дүниеге келген. Бабата ауылындағы М.Маметова атындағы сегіз жылдық мектепті 1978 жылы бітіріп, Кентау қаласындағы кәсіптік техникалық училищесінің «электрмен дәнекерлеу» мамандығын алып шықты. 1981-1983 ж.ж Совет армия-

ана» партиялық жобасы аясында өткен «Әжелер өнері» байқауының бірінші орын иегері.

Көгілдір көз, алтын шаш, қаймақ ерін,

Заты алтын, аты күміс болған-менен.

Той-томалақ, жияндарда гүл-гүл жайнап,

Еске салар Ақан Серінің маңмаңгерін.

*Қызы ғой бұл Күмісай кіші жүздің,
Келін болды бір әулетке мына біз-*

тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жемісті еңбек етті. 1992 жылдан құрметті зейнеткерлікке шықты. Елдің, ауылдың, қатар-құрдастарының арасында құрметті азамат. 1959 жылы жұбайы Алтын апамызбен шаңырақ көтерген. Екі ұл, екі қыз және 14 немере, 19 шөбересі бар. Өмірі еселі еңбекпен өткен тұлғаның ұрпағына қалдырған ізі адалдық пен еңбек, тазалық. Ұрпақтары осы сенім мен үмітті адал атқаруда. Мерекелік шара мектептің өнерпаз оқушысы Шекербек Алина көкке өрлете шырқаған «Көкке өрле» әнімен өз мәресіне жетті.

Шараға аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, Жар-тытөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мадияр Бейсембеков, Аққолтық ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекберген, еңбек ардагері, сол ауылдың түлегі Созақ ауданының Құрметті азаматы Сөлтеков Әліпбек ағаларымыз құрметті қонақтар қатарынан орын алды. Жалпы биылғы жылы Еңбекшілер мерекесі болғандықтан осындай шаралар ауылдар мен елді мекендерде іс жүзінде өтіп жатса еңбек адамдарына деген нағыз құрметіміз сол болмақ. Мереке мерекеге ұлассын!


Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ШЫҒЫСТЫҢ ШАҢКӘРІМІ ЕДІ

Қазақта есімі мақтанышпен еске алынатын он тарихи тұлға болатын болса, соның бірі де бірегейі- Шәкәрім Құдайбердіұлы. Олай дейтінім, нақ Шәкәрім секілді қазаққа өмірі менен де еңбек жолыменен де, яғни, шығармашылығыменен үлгі болатын саңлақ тұлға саусақпен санарлық қана. Әлбетте, осы айтып отырғандарымды дәлелдеу үшін Шәкәрім Құдайбердіұлының әуелі бізге жеткен өмірдерегіне, кейін шығармашылығына тоқталуымыз шарт. Ендеше, кезекті күні бүгінге жеткен Шәкәрім атамыз жайлы ғылыми естеліктерге берелік. Себебі, бір тұлға жайлы оның туыстары, замандастары және ізіне ерген шәкірттернен артық кім айта алады? Сонымен, елі Шәкәрім атап кетсе де, атасының азан шақырып қойған есімі Шаһкәрім болған Құнанбайдың немересі, Құдайбердінің ұлы, хакім Абайдың шәкірті кім еді? Қайда туып, кімнің тәрбиесін алды?

ШЫҢҒЫСТАУДА ТУЫП, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ШЫҢЫНА ШЫҚҚАН ШӘКЕ

Жалпы, Шаһкәрім қажы жайлы ең шынайы, бұлтартпас дәлелдерге сүйенілген естеліктер ұлы Ахатқа тиесілі. Сол, Ахат шаһкәрім ұлынан жеткен хабарларға көре Шаһкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылдың 11 шілдесінде Шыңғыстауда, Байқошқар өзенінің бойындағы Кеңбұлақ деген жерде дүниеге келген. Кеңбұлақ қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында қарасты жер. Жоғарыда айтқанымдай, әкесі Құдайберді – Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға барып, ескіше ілім алды. Деректерге сүйенсек, 1866 жылы әкесі Құдайберді 37 жасында дүние салады. Ендігі жерде Шәкәрім Құнанбайдың тәрбиесінде, тікелей Абайдың қамқорлығында болады. Абайдың үлгі-өнегесіне қанық болған жас ақын ағасындай көмеңгер, білімді әрі дарынды болуды армандайды. Кейініректе, бүкіл қазақ жастарын ағасы, ақылшысы Абайдан тәлім алуға шақырып “Жалыналық Абайға, жүр баралық” атты өлеңін жазады. Шәкәрім Абайдың қазақ ұлтының рухани ұстазы болатынына алғашқы болып көз жеткізген шәкірті және бауыры. Ол Абайды бала кезінен бастап өмірбақи үлгі, өнеге етті. Басқаларды да соған үндеді. Шәкәрім–жарты ғасырдан астам шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрында жемісті еңбек еткен қайраткер. Әдебиетті, тарихты, географияны, жаратылыстану ғылымын, физиканы, сөз өнерін, музыка өнерін оқыған. Ой еңбегімен қатар, дене еңбегіне төселген, шеберлікті үйренген, бертін келе мәдениетті жолға салып, ұлттық киімдердің үлгісін жаңарту, әс пісіру, дастархан әзірлеу, көшпелі ел жағдайында, қатты қыстарда, далада, қар үстінде шырысыз от жағу, үйді-үйдің, іргелес қыстаулардың арасында сымды қатынас орнату сияқты тұрмыс мәдениеті жөнінен халыққа өзі тапқан тәсілдерін ұсынған. Ол ауырып, сырқаттанғандарға алғашқы жәрдем көрсете алған, медицинадан сауаты болған, аптечка ұстаған көрінеді. Тоғайдан ағаш кесіп, отын жарған, боранды суық күндерде әйелдерге болысып, өзеннен, құдықтан су тасыған. Дене еңбегін бұл адам жан рахаты деп білген. Ақын араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгереді. Өз бетінше ізденуі нәтижесінде заманындағы ең білімдар адамдар санатына қосылды. Бірнеше тіл білуі оның тамаша аудармалар жасауына алғышарт еді. Хафиздің лирикалық шығармаларын, Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын тәржімалады. Орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеп оқыды. А.С.Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Боранын» өлеңмен аударды. Л.Н.Толстойдың бір топ әңгімелерімен



қазақ оқырманына таныстырды. Л.Н.Толстойға арнайы хат жазып, көкейіне қордаланған ойларын жинақтап, ақыл-кеңес сұрайды. Хаттардың түпнұсқасы жоғалып кеткен. Ахаттың сөзіне сүйенсек, 1876 жылы–Шәкәрім Мәуенге үйленеді. Сондай-ақ, Құнанбайдан тараған өзге де саяси тұлғалар секілді 1878-1880, 1887-1888, 1901-1905 жылдары Шыңғыс елінде үш рет болыстыққа да сайланғанға ұқсайды. Өзіне іні ғана емес, ізбасары, шәкірті ретінде де қараған хакім Абай 1881 жылы Шәкәрімді Е.П.Михаэлиспен таныстырды. Тағы да сол Ахаттың айтуынша, 1882 жылы–Шаһкәрім екінші әйелі Айғаншаға үйленеді. Ал, 1903 жылы–Шәкәрім Орыстың императорлық географиялық қоғамы Батыс-Сібірлік бөлімі Семей бөлімшісінің мүшелігіне қабылданды. Ал енді, 1905 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапар шегеді. Ол ағасы, ұстазы хакім Абайдың тапсыруымен Стамбулға, Египетке, Меккеге саяхат жасайды. Бұл сапардан діндегі дәстүр бойынша хажы атанып қайтқан. Сонымен қатар, осы сапарында Парижде тоқтап, Францияның архивіне көз жібереді және кітапханаларында болады. Бұл сапардан тек 1906 жылдың наурыз айында ғана ақын қажылықтан өліне, Шыңғыстауға оралады. Кейбір деректерде келгендей, Ахаттың сөзінше де 1908 жылы Шаһкәрім қажы Семей түрмесінде жатқан Әлихан Бөкейханмен дидактасқан көрінеді. Ал, 1909 жылы ақын орыстың заңғар жазушысы Л.Н.Толстойға хат жазады. Сондай-ақ, 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық кітабы» еңбектері жарық көрді. Тағы да 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспаханасында «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары жеке-жеке жинақ ретінде басылды. Ал енді, 1913 жылы Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде (28 сәуір №12) Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегі жайында «Ерекше сөз» атты тілеулес мақаласын жариялайды. Сонымен қатар, 1916 жылы Ж.Аймауытов «Желкек» атты бүркеніш есіммен «Қазақ» газетінде (1916 жылдың 9 ақпаны, № 168) «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегіне арналған «Шәкәрім ақсақалға» мақаласын шығарды. 1917-1918 жылдары Алаш қозғалысына қатынасып, уездік земство жұмысына, Алаш сотының қызметіне араласады. Көп ұзамай қоғамдық-саяси қызметтен алшақтап, дау-дамай мен айтыс-тартыстан іргесін аулақ салады. Осы кезеңдерде: 1918 жылы «Шын бақыттың айнасы» эссе-шығармасы басылып шықты. Сол, 1918 жылы қаңтардан қарашаға дейін – Алашора үкіметінің соты, төбе биі қызметтерін де атқарған екен. Ал енді, 1922-1923 жылдары Ташкенттегі «Шолпан» журналында ақынның «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы басылып шығыпты. Тағы да 1923 жылы ақын «Қазақ тілі» газетінің редакторынан

мақала жазып жіберуді өтінген хат алғанға ұқсайды. Нәтижесінде, 1924 жылы Семейде «Дубровский әңгімесі» баспа көрді. Оның көптеген өлеңдері, мақалалары, очерктері «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Таң» журналдарында, «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде басылды. Шәкәрімнің «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасы, «Әділ-Мария» романы, «Үш анық» философиялық туындысы өзі дүниеден өткеннен кейін оқырман игілігіне айналды. Ш.Құдайбердіұлы өзін қоршаған ортадағы өзгерістерге үнемі қызу араласқан. Дегенмен, 1925 жылы Шыңғыстың Шақпақ аталатын өз қыстауынан он бес шақырымдай жерде қора-жай салып алып, дүниаяу тірліктерден бөлініп, таза шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Өмірінің ақырына дейін елден оқшауланып, жазу-сызумен біржолата беріле айналысады. Алайда, айдаладағы жанға кеңестік саясат тыныштық бермей, Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырды деген айып тағылады. Ал, 1925-1926 ж.ж. Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» шығармасын аудару жұмыстарын жүргізді. Ал енді, қазақ қоғамы үшін 1931 жылдың 2 қазан күні қаралы күн болып қала берді. Өйткені, нақ осы күні НКВД-ның жөндеттері Шаһкәрім қажы Құдайбердіұлын, ұлы ақынды атып өлтірді. Десек те, 1958 жылы ақ түйенің қарыны жарылды, қазақтың біртуар перзенті, тарихи тұлғасы Шаһкәрімнің аты мен шығармашылығы ресми түрде ақталды. Осы ретте, 1961 жылы Ахат Құдайбердиев әкесінің сүйегін құрқұдықтан қазып алып, Жидебайдағы Абай зиратының жанына жерледі. Себебі, 1958 жылдың 29 қазанында–СССР Бас прокуроры канцеляриясы Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталғаны жайындағы құжатқа қол қойған еді. Ал, 1988 жылдың 14 сәуірінде–Қазақстан Республикасы Орталық комитеті Шәкәрім Құдайбердіұлын толықтай ақтау туралы шешім қабылдайды. Ахат Шаһкәрім қажыұлы өзінің әкесі жайлы есті естеліктерінде өзінің атасы, қазақтың мақтанышы Құнанбай қажы Өскенбайұлы жайлы да былай деп жылы жазады:

«Мен тәтеме сәлем беріп тұратын едім. Бірақ жиі барып, қасында отыруға мүмкіндік болмады. Тәтемнің ауылы біздің ауылдан шалғай болатын. Жылына 5-6 рет барғанымның өзінде көп әңгіме айтып, ақыл беретін. Маған өз өмірінің түрлі жәйттарын айтатын. Әсіресе, адалдық жағын баса үйрететін. Елгеадал болсаң, адал еңбек сіңірсең, абыройлы боласың. «Елге жақсаң – құдайға жағасың!», «Көпсіз-көмусіз қалады», «Көп тілегі-көл», «Көпке сенген көгереді, Көпті жамандаған-көміледі», «Адам көппен көркейеді», -деген нақыл сөздерді айтып отыратын. «Мені ажалдан, екі мәрте айдаудан елім алып қалды. Елімнің сол еңбегін өтей алмай кеттім. Мен абырой, атақ алу үшін-ең алдымен адалдық керек, ешкімді ала көрмей, адалына болысу, кемтарына жәрдемдесу керек дегенді ертеден ойыма бекіттім. Мен жасымда Алладан былай тіледім «Өзіме бақ бер! Бақ берсең, дәулет бер! Әкімшілікті бер! Бірақ елді өзіме қаратып алғанымша, істеген жаман қылықтарымды кеш! Сол тілектерімді беріп, кемеліме келгеннен кейін, ол берген бағынды, дәулетінді, әкімшілігінді орнына жұмсай алмайтын болсам, екі аяқтының қоры, ең сорлы қыл!»-дедім. Бірақ балаларымды, туысқандарымды тату-тәтті қыл деп тілемедім. Оны да тілесем, беретін еді. Сол үшін тілегімді алдым. Мен елді қаратып, ел басшысы болғаннан кейін, қате кетпесе, біле тұра қиянат жасап, арамды қолдаған, момын, жетім-жесірді жылатқан жерім болған жоқ. Мен адалдыққа, көпке сүйендім. Олар мені қиыннан құтқарады, Мені ел – адал, әділ деген атаққа бөледі. Менің аяғымнан, жағамнан алып, менімен кім жауласты? Туыстарым жауласты! Менің бағымды, абыройымды кім күндеді? Туыстарым! Сырттан

келіп ешкім жағаласпады. Іштен жау шығып жағаласты! Сырттан ішкі жауы жаман. Менің көргенімдей жағдайға ұшырасаң, оған ұшырарсың да, ақты ақта, жетім-жесірге, жылағанға болыс, жәрдем ет деп құлағыма құя беретін!».

Танбайтын, Толстойдың төл шәкірті

Жалпы, Шаһкәрім қажының басты ұстазы ағасы ақын Абай екеніне дау жоқ. Алайда, Абай өзі бағыт беріп, Шаһкәрімтанып, ұстаз тұтқан шығыстың шайырлары менен батыстың белді ақын-жазушыларын, ойы орамды ойшылдарын айтпай кетуге де болмас. Бұған дәлел ретінде, Шәкәрім құдайбердіұлының өзі: «Оятқан мені ерте Шығыс жыры», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», деп өзінің төл әдебиетімізден тысқарғы ең алғашқы өнеге мектебін еш бұрмалаусыз нақты атаған. Классикалық Шығыс поэзиясы мен тамырлас халықтарға ортақ ортағасырлық түркі әдебиетін де таныған Шәкәрімнің айрықша қадір тұтқан шайырлары Хафиз, Физули және Науаи болатын. Сондай-ақ, Шәкәрімнің Фирдоуси мен Сағдиді де, Ясауи мен Софы Аллаярды да жете танығандығы еш күмән келтірмейді. Осынау данышпан ақындардың ішінен Шәкәрім Хафизді жанына ерекше жақын тұтады. Дегенмен, хакім Абайдың тәлімін көрген Шәкәрім өмірінің екінші жартысында Еуропа әдебиетіне, оның ішінде орыс әдебиетіне айрықша ден қояды. Сөйтіп әлемдік ақыл-ой иелерін жанына жақын тұтқан Шәкәрім өзінің барлық парасат-пайымын Алланы тану жолына бағыштайды. Бұл ретте жоғарыда аталған ақындардың Шәкәрімге әсері болмай қойған жоқ. Көптеген Шығыс ойшылдары сияқты Шәкәрім де Алланы мадақтады, күллі жаратылысқа талантымен таңданды. Тағы да бір айта кететін жәйт, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әлемдік философиялық-эстетикалық ойтанымда Шәкәрім мен Толстойдың есімдері қатар аталады. Қоғамдық танымда, тіршіліктің барлық саласында орыс білімпаздарының жолын ұстана отырып Шәкәрім сол орыс білімпаздарының ішінде Лев Толстойды ерекше қасиет тұтқан. Мәселен, Шәкәрімнің «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың» деген сөзі тек қана әдебиетке қатысты емес деп түсінеміз. Дүниеден өтер шағында болсын Толстой ислам дінін қабылдап, жүзін құбылаға бұрған. Ниет етіп, Алланың мәңгілік екеніне және Мұхаммед пайғамбардың оның елшісі екендігіне сенген. Солай данышпан жазушы өзін мұсылманмын деп есептеген. Шәкәрімнің Толстоймен рухастығы да Алланы тану жолында болып отыр. Шайырдың Хақты танудағы пікірі өлеңдерінде де көрініс береді. Сол замандағы исламшыл діндарларға ғана емес, кертартпа дін атаулының өкілдеріне Шәкәрімнің «Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың, мың сопыны алмаймын тырнағына» деуі жоғарыдағы сөзімізді растаса керек-ті. Сонымен қатар, Шәкәрімнің Толстойдың ізгілік пен бауырмалдықты уағыздаған «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал», «Крез патша» әңгімелерін өз тілімізде сөйлетуі бос hareket емес. Дала ойшылы Шәкәрімнің Толстойды өзіне үлкен ұстаз санауы даналар үндестігі болып табылады. Себебі ол Толстойға ұстаз ретінде қараған және өзінің көзқарасы ұстазымен үндес келетіндігін жасырмаған.

Мінеки, қазақтың мақтаныштары Құнанбай қажының немересі, хакім Абайдың әрі інісі әрі шәкірті, ақын, шежіреші Шаһкәрім қажы Құдайбердіұлы жайлы естілерден қалған есті әңгімелер тізбегі осы болады.

Данияр БЕК,
аудандық «Сөз ақ үні» газетінің аға тілшісі.

Орман өртіне абай болайық!

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда өрт шықты, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіптілігіне байланысты орман қорықшылары тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды болар.

Барша адамзат баласы, жалпы тіршілік иелері өздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Қарап тұрсаңыз айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білемін. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

Қанатжан ШӘРІПҚАНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің
қорықшы күзетшісі.

Орман алқабын өрттен сақтайық!

Жаз мезгілі-орман шарушылығы қызметкерлердің еселеп жұмыс істейтін уақыты. Мұндайда мекеме қызметкерлері қырағылықты арттырып, өрт қауіпсіздігі үшін бір сәтке де тыным таппай еңбек етуде. Бүгінгі таңда ауданымызда Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-не қарасты 1034888,4 га сексеуіл орманы орналасқан. Сексеуіл орманы ауданымыздың мақтанарлық байлығы. Ол шөлейтті далада құм төбелердің көшкінінен сақтайды, ұлан-ғайыр адырлардың топырағын эрозиядан сақтайды. Алайда орман алқабы өрт қауіпі аймақ болып есептелгендіктен ерекше қорғауды қажет етеді, ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады яғни ағаштардың арасында өрттің көзі жоқ. Ормандардың жануы кейде найзағайдан болады, бірақ өртті орманға жиірек адамдар әкеледі, мысалы; өшірілмеген бір дана темекі тұқылынан от тұтанып, орын толмас өкінішке соқтырады. Сондықтан жаңбырлы күз басталғанша барлық азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға шақырамыз. Әсіресе, табиғат аясына серуенге шығушылар, құмға жұмыс бабымен шыққан басқа азаматтар өрт қауіпсіздігіне қатаң түрде көңіл бөлулері тиіс. Босаған бөтелкелерді ретсіз лақтырып кетудің өзі қауіпті. Қатты аптап ыстық кезінде күнге қызған шиядан от тұтанып шыға келуі мүмкін. Егерде әлдеқандай жолмен от жағылатын болса, отты өшіріп сол орынды құммен немесе топырақпен көміп кеткен жөн. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел дауылда сынғыш келеді. Орман өртері құрғақ ауа-райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен көлемге таралып кетеді. Осы жылы 20 наурыз бен 1 қараша аралағы өрт қауіпсіздігінен сақтау маусымы болып жарияланады. Осы себептен, мекемеде өрт маусымы кезінде орман аумағында өрт қауіпсіздігі, жалғасуда. Атап айтар болсақ мемлекеттік орман қоры аумағында үш арнайы бекеттер құрылған Жуантөбе аймағында «Ақсақбақсы» мен Созақ аймағында «Бесқауға» және Шолақорған аймағында «Қызылкөл» бекеттері. Бекеттерде орманшылар тәулік бойы кезекшілік етуде, сонымен қатар Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде күнделікті кезекші маман бақылауда. Аудан тұрғындарының назарына!

Егерде орман қоры жерінен өрт белгілерін байқап қалсаңыздар өз ауыл округтеріңіздің әкімшілігіне немесе өрт шыққан жерге жақын орналасқан жоғарыда көрсетілген бекеттерге хабар беріңіздер. Сонымен қатар Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі КММ-нің 7-70-77, 7-73-38, 7-50-80, 7-53-96 және де аудандық өрт сөндіру бөлімінің 101 сымтетіктеріне хабарласыңыздар. Уақытылы анықталып, өшірілген өрт орман-тоғайымыздың сақталуының кепілі.

Ғ.ПЕНТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
жөніндегі ММ КММ-нің Орман қорғау, күзету бас инженері.

Жарамсыз деп танылсын

Кемалов Белқожа Рахымжанұлының иелігіндегі 1991 жылы шығарылған «Audi C4» маркалі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі KZ 028 ATG/13) «ХТ 99976740» санды техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның

Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормалар-

жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде. Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және сая-

Жемқорлықпен бірге күресейік!

жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды төжейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер жоқ.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетшілік проблемадан жаһандық проблемаға айналууда.

ды қабылдауда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің “Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты” жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас

си күштермен бірлесіп үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі-моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау.

Жалпы айтқандай, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды. Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс.

Нашақорлыққа жол жоқ!

Қазақстанда да, бүкіл әлемде де үлкен алаңдаушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі – нашақорлықтың таралуы. Бұл құбылыс жеке адамның ғана емес, жалпы ұлттың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Бүгінгі күні нашақорлық мәселесі әрқайсымызға әсер етуі мүмкін. Шиеленістің күшеюі, стресстік жағдайлар, белгісіздік, тұрақсыздық өскелең ұрпақта мінез-құлықтың асоциалды нысандарын - нашақорлықты тудырады.

Есірткі-бұл психикалық жағдайдың өзгеруіне әкелетін, жүйелі түрде қолдану тәуелділікке әкелетін өсімдік немесе синтетикалық текті химиялық заттар.

Есірткі заттарын қабылдау жеке тұлғаның деградациясына және ағзаның бұзылуына өте белсенді ықпал етеді, және бұл, адамдар арасында өмір сүретін нашақордың жеке өзіне ғана емес жиі басқалар үшін үлкен қауіп көзіне айналатын іс. Көптеген жағдайларда нашақорлықпен ауыратын адам, өкінішке орай, қоғамға қауіпті қатыгездікке ұшырайды.

Нашақорлық көптеген әртүрлі қылмыстардың, соның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстардың тікелей себебі болып табылады.

Жалпы нашақорлық ұлттың физикалық және моральдық денсаулығына қауіп төндіреді. Бұған ұрпақтардың генетикалық азғындауы және нашақорлықтың СПИД, гепатит, басқа да

ауыр аурулар, гомосексуализм және жезөкшелік проблемаларымен тығыз байланысы кіреді. Мұнда әртүрлі әлеуметтік мәселелердің жиынтығы бар.

Әрбір нашақор артынан бірнеше адамды есірткіге тартуға бейім. Бұл нашақорлықтың «әлеуметтік жұқпалы ауруы».

Есірткіні көп қолдану едәуір қаражатты қажет етеді. Дегенмен қаражаттың болмауынан нашақорлар көп жағдайда өз отбасынан, жақындарынан, достарынан қомақты сома алып жатады, кейіннен тіпті қаражаттың жоқтығынан қылмысқа да баруы жиі кездеседі. Яғни, бір қылмыс екінші қылмысты тудырады.

Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданып, сақтап, сатып, таратушыларға жаза ауыр. Бірақ солай екен деп есірткіден бас тартып жатқандар көп дей алмаймыз.

Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде есірткі заттарын тұтынудың ғана емес, есірткі заттарын тасымалдап, сатып, сақтаудың да соңы жауаптылыққа соқтыратынын үнемі түсіндіріп, ескертіп отыру маңызды.

Денсаулық - зор байлық дегендей өмірің жарқын, болашағын зор болсын десең, елінің жұлдызы болам десең денсаулығыңды сақтаған жөн.

Б.ЖАППАРКУЛОВ,
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасы Президенті жыл сайынғы өзінің халыққа жолдаған Жолдауларының бірінде «Аса маңызды міндет–сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек»-деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілер болсақ,

бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғалам ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз. Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда сыбайлас жемқорлық, алыс-беріс жағдайы қандай? – деген сауалға жауап іздеп көрейік. Оқуға, я жұмысқа қабылдану үшін парамен ұсталып жататын қызметкерлерді екі күннің бірінде көз көріп, құлақ естіп жататыны да жасырын емес.

Сөзімізді түйіндей келе, сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоға-

мының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Қасым-Жомарт Тоқаевша айтқандай, «сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу». Сыбайлас жемқорлық толықтай қазақтың қоғамына, о, ұлт ұлт болудан, ел ел болудан қалатыны хақ. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Бақытжан АСҚАРОВ,
Созақ аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Оның да шамасы келмей өшіп қала берсе керек. Соңынан дәрімен жарып, кірпіштерін әртүрлі құрылысқа пайдаланған. Бүгінде сол апаттан аман қалған жалғыз қабырғасы ойсыз озбырлыққа, зымиян зұлымдыққа қарғыс айтқандай қауқарсыз тұр. Қиратылған сағананың астында Жәкел датқаның мәйіті жатқан бөлме бар. Денесін сыртқа шығарғанда, қанша жыл өткеніне қарамастан, жуырда қайтыс болған адамдай еш өзгеріссіз жатыпты дейді. Мәйітті таю маңдағы бір шұңқырға апарып, көмген екен. Ертеңіне жұрт датқаның моладан сыртқа шығып жатқан аяғын көріпті. Содан ауылдың адамдары жиналып оны қайталап дұрыстап жерлеген екен.

Ысқақ бап кесенесі мен оның ай-



ды. Ел түсінігіне қарағанда Қызылкөз әулие мекені түрлі сырқаттарға ұшыраған балалар мен үлкендерге, жолы болмай жүрген әйелдерге жігер, қайрат, ізгілік, қайырымдылық пен имандылық сыйлаушы әулие-жайға айналған.

Әулиелердің басты қасиеті-елге береке мен ырыс, молшылық дарытушы. Ел жұрт басына барып, жаңбыр тілейді, береке қырман сұрайды. Түрлі ауруға шалдыққандар түнейді. Топырағын балалардың бетіне жағып, ұшықтайды. Қариялардың айтуына қарағанда, әулие келушілерге «Ұзын бойлы денелі, көзі қып-қызыл болып көрінеді» екен. Осы маңның диірменшілері кей түндері әулие бабалардың диірменнің, үйлерінің терезесінен қарап тұратынын айтады. Диірмен ұстағандар осы кісілердің әруағына сыйына-

ӘУЛИЕЛІ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

наласындағы тарихи орындарды сақтау, қайта қалпына келтіру жұмыстарына қозғау салып, тарихи-мәдени мұраларды сақтау ісіне көп еңбек сіңген Бабата ауылының тұрғыны, зейнеткер Әбдеш Тәшматұлы ақсақалдың айтуынша, 1933 жылы Созақ ауданында «Құдайсыздар ұйымы» деген ұйым құрылып, ауданнан әйел уәкіл келіп, Жәкел датқа сағанасын бұздырған. Қыштарын аудан орталығына алдырып, райкомның алдына төсетеді. Сағана төбесін бұзып жатқан үш адамның біреуі құлап мойны үзіліп өледі. Қалған екеуі қатты ауырып, көп ұзамай олар да өлген. Жалпы Жәкел датқаның сағанасын ертеден көшпелі ата-бабаларымыз бірлі жарым қайтыс болған адамын жайлауға көшкенде аманат қылып тастау үшін де пайдаланған. Алғашқы кесене құрылысы екі қабатты болған. Үстіңгі қабаты үлкен бір бөлмелі, ол бөлмені зияратхана деп атаған. Ал астыңғы қабат қабірхана деп аталады. Астыңғы қабатқа баспалдақпен түседі. Онда Жәкел датқаның мәйіті бар. Мәйіт қасына адам қоятын арнайы қосымша жай жасалған. Аманатқа қалдырған адамдарды сол орынға қалдырып, кейін жайлаудан қайтарда немесе мүмкіндігі болғанда ағайыны жиналып, алып кетеді екен. Сонда мәйіт денесі бұзылмай, сол күйінде сақталады, демек морг есебінде пайдаланған.

Жәкел, Шоқай ағайынды жігіттер болған екен. Шоқай-Жәкелдің ағасы екен. Саудакентте тұрған кесене сол кісіге арналған. Екеуі де Қоқан билігі жүріп тұрған кезде датқа дәрежесіне көтерілген. Алайда Ыстының Қоңыр деген атасынан шыққан олар шеншекпен мен мансаптан гөрі ел намысын, жұрт жағдайын жоғары қойған абзал азаматтар болып көрінеді. Оған Майкөт ақынның:

Сұрасаң руымды Ысты еді,
Жәкел, Шоқай Ыстының ұстыны еді.

Ел үшін бар асылын аямайтын,
Ер борбай, жанған оттың ұшқыны еді,- дегені дәлел болса керек. Сол секілді ағайын арасынан ала мысық жүріп, араздық туғанда, қара қылды қақ жарып, тура билік айтар ара ағайын іздеген шақта туған «Төмен барсаң, Жәкел мен Шоқай бар, жоғары барсаң, қырық мың қойлы Тоқай бар» деген сөз біраз сырды сездіргендей.

Осы сөздерге қарағанда, Жәкелді бабаталықтар қатты құрмет тұтса, Шоқай да ел ішінде абырой-беделден кенде болмаған. Мұны бірін тапса, біріне жеткізе алмай жататын қоңыртөбелік Қонарбай деген кейдең Батбақсу деген жерде үйіне жол түсіп келген Шоқайға қолындағы жалғыз түйесін союы аңғартса керек. Шоқайдың сонда берген батасы періште құлағына шалынған болуы керек, кейіннен сол Қонарбай байып кетіпті. Бабатада мешіт пен медресе салынып жатқан кезде ол кісі 50 түйе саудырып, құрылысшыларға қымыран мен азық жеткізіп тұрған екен. Сондағы ел аузындағы «жылына бес жүз түйе боталатқан, Еліңде Қонарбайдай байың бар ма?»— деген марапат-мақтау сөзі содан қалған көрінеді.

Шоқай датқа кесенесі-XVIII ғасырдың архитектуралық ескерткіші. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Сауданкет ауылының шығыс шетінде орналасқан. Күйдірілген кірпіштен үлкен бір бөлмелі, күмбезді етіліп салынған. Кесене аумағы-7,4 x 8,1 метр. Кіре беріс есігі оңтүстік батысқа қаратылған. Басты қабырғасы биік порталмен безендірілген. Кіре беріс қуысы өте терең емес, арқа астында қалып, үлкен есікке ұласады. Екі шеті бұрышы, дөңгелек мұнарамен тұйықталған. Мұнаралар жоғарыда әшекейлі белбаулармен күшейтіліп, жоғарысында жарық түсетін саңылау қалдырылған.

Кесене күмбезі домалақ шеңбер үстіне орнатылып, көтерілген, ал сырты аспа әшекей элементімен сәнделген.

2004-2006 жылдарға арналған мемлекттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру аясында республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, сәулет ескерткіштерінің інжу маржанының бірі болып саналатын Шоқай датқа кесенесі қалпына келтіріледі.

ҚЫЗЫЛКӨЗ ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Жартытөбе мен Аққолтық елді мекендерінің жоғарғы жағындағы тау ішінде орналасқан. Басында қара тасты, қақ жарып, шығып жатқан бұлағы, талы бар. Елді мекенге келетін өзен сол бұлақтан бастау алады. Осы өзеннен тоғыз

бұлақ ағып жатыр. Тоғызының да суы шипалы қасиетке ие. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, бәрі бір кісінің бұлағы екен. Иелері бұлақ басына жерленіпті. Бейіттерінің басын қалың шеңгел басқан. Олар Қоңыраттың маңғытай руынан шыққан екен. Отызыншы жылдары ашаршылықта аш кісілер осы Қызылкөз әулие басына келіп, сағалаған. Несібесін осы арадан тауып жеп, көп адамдар аман қалған екен. Сондықтан оны кейде «нан ата» деп те атайды. Осы жайға кейіннен басқа кісілер қойылып, үлкен қорымға айналады. Сондықтан әулие кісілердің қайсысы екені белгісіз болып, аттары да ұмытылған. Қазіргі Аққолтық ауылының тұрғыны, өлкетанушы ұстаз, зейнеткер Мұханмадиір Ыбырайұлының әңгімесіне қарағанда, Алтын Орда билеушісі Өзбек хан бір кісіні Сарайдан Меккеге атандырып, Әбу Бәкірдің он төртінші ұрпағы Шашты Әзізді (Баба Туклас) Алтын Ордаға дін үйрету үшін шақыртып алдырыпты. Шашты Әзіз үш ұлымен бірге келіп, түркілердің көп бөлігін үгіттеп, Ислам дініне кіргізеді. Қызылкөз әулие осы кезеңде ел ішіне емші ретінде әкелінген. Қызылкөз әулиенің басындағы ағашы күні кешеге дейін сақталған. Жасы тоқсаннан асқан қариялардың айтуынша, олар сол қасиетті ағашты көрген. Бүгінде қабірінің орны бар. Мал баспау үшін Рақымжан Ыбырайұлы деген азамат қабіріне темір қоршау жасаған, бүгінде ол қоршаудың тозығы жеткен. «Қызылкөз әулие» деп мәрмәрға жазылып белгісі ғана сақталған. Сондай-ақ ел аузында «Осы жерде емшілік туралы жазылған кітап көмілген деген дерек бар, кімде-кім сол кітапты тауып алса сол адам үлкен емші болады деген» әңгіме сақталған.

Тарихи деректерде Қаратаудың қойнауын қуалай аққан Қарабұлақтың мол суын кезінде Ұлы Жібек жолындағы Қарасуан қаласының тұрғындары егіншілікке пайдаланған мәлім. Сондықтан Қызылкөз әулие маңында ескі жұрттардың орны күні бүгінге дейін сақталынған. Бұл арада талай тарихи оқиғалар болған. Осы жайдан хабары бар жергілікті халық ежелгі ата-баба жұртына барып, арнайы құрбан шалып отырады екен. Осы дәстүр бертін келе қуаңшылық жылдарындағы елдің әулиелерге құрбан шалып, дұға оқып, жаңбыр тілейтін дәстүріне айнала-

ды. Диірменші ата мұрасын бертінге дейін Мейірбек атты қария ұстап келген екен және «Нан ата» басында шырақшы болыпты. Сондықтан болар кейінгі жұрт арасында «Мейірбек ата диірмені» деп атала бас-тапты.

ТЕМІР ТОНДЫ ӨТЕСІМ ҚОРҒАНЫ

Темір тонды Өтесім қорғаны деп жергілікті халық Бабата кентінің оңтүстік-батысында орналасқан төбені айтады. Бабата кенті ғылымда, әдебиетте көптен белгілі, орта ғасырлардағы жазбаларда да жиі кездеседі. Орыс ғалымдарынан алғаш рет Г.И.Спаский назар аударған. Кеңес дәуірінде Бабата толық зерттеліп, оның кенті құрылысы, мәдениеті, архитектурасы жайлы деректер жарық көрген. 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (Ә.Марғұлан), 1948 жылы (жетекшісі А.Н. Бернштам) зерттеген. 1953-1954, 1957-1958 жылдары экспедиция тұрақты қазба жұмыстарын жүргізеді. Шахристанның оңтүстік-шығыс шетіндегі цитательдің орны деп есептелетін жартылай сопақша төбенің биіктігі 10 метр, төмен жағының аумағы 42 x 60 метр, төбесінің аумағы 12 x 17 метр. Цитательде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде V-VIII ғасырларға жататын құрылыстың төменгі қабатынан сегіз бұрышты үйдің орны табылған. Ортасында құдығы бар. Төбесі күмбезделіп жабылған. Бөлме аумағы 5,8 x 2 метр, қабырғаларының биіктігі 5,38 метр. Бөлме ішкі аулалары мен дәліздер және баспалдақты қууыс жолдар арқылы жалғасқан. Қабырғалары саз (шым) кірпіштерден қаланған жоғарғы қабаттағы үй 8 бөлмеден тұрады. Бұл қабаттың ортасында төбесі күмбезделіп жабылған, қабырғасында ойық сөрелері бар сегіз қырлы үлкен бөлме орналасқан. Жоғары құрылыс қабатынан табылған қыштан жасалған құмыра, майшам, тостаған, ұршықбастар мен олардың әртүрлі бөлшектері IX-XII ғасырларға жатады. Цитадель XIII-XIV ғасырларға дейін жеткен.

Жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС**Меншік иесі-****"Созақ үні" газеті редакциясы"**
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**Директор:**
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**Бас редактордың уақытша**
міндетін атқарушы:
Мақсат Қарғабай**Жауапты хатшы:**
Мақсат Қарғабай**Редакция құрамы:**
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450**Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана**Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.